

Медицина және дәріхана қызметкерлерінің қосымша демалысы туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі 2000 жылғы 22 мамырдағы N 305 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 4 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1238. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 24 мамырдағы № 377 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.05.24 № 377 Бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 60-бабына сәйкес, медицина қызметкерлерінің сезімталдық және күрделі еңбегін ескере отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Денсаулық сақтаудың облыстық, Астана және Алматы қалалық басқармаларының бастықтары, республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары:

жалпы демалысы 18 күнтізбелік күн ұзақтығы бар медицина және дәріхана қызметкерлеріне, 12 күнтізбелік күн мөлшеріне қосымша демалыс белгіленсін;

осы бұйрықта көзделген медицина және дәріхана қызметкерлеріне жалпы ұзақтығы 30 күнтізбелік күндік демалыс беру қамтамасыз етілсін;
қызметкерлердің қосымша демалысына ақы төлеу еңбекке ақы төлеудің белгіленген қорының шегінде жүргізілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Төрайымның бірінші орынбасары С.Е. Ыбраев жүктелсін.

Төрайымның м.а.